



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2017 ж. 31.07.

Қостанай қаласы

№ 408

город Костанай

### Банкроттық басқарушыны тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «ТелекомСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2017 жылғы 14 шілдедегі Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2017 жылғы 24 шілдедегі «ТелекомСтрой» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Иманкулов Төлеухан Галымович «ТелекомСтрой» ЖШС-ның (БСН 070340012442) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес Т.Г. Иманкуловқа банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Т.Г. Иманкулов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысының  
міндетін атқарушы



К. Бекшин

002721